www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube Facebook Telegram
№14 /sársenbi/ 08 sáuir 2026 jyl

АНОНС!
1 СӘУІРДЕН БАСТАП ҚАЗАҚСТАНДА НЕ ӨЗГЕРДІ?
5 - бетте

# САРЫАҒАШ АЙНАЛМА ЖОЛЫ ТҮРКІСТАН ӨҢІРІНІҢ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІН ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРЕТІН ЖОБА

**Түркістан облысында көлік-логистика саласын дамыту бағытындағы ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі - Сарыағаш қаласының айналма жолының құрылысы ресми түрде басталды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асып жатқан бұл бастама тек өңір үшін ғана емес, бүкіл ел экономикасы мен халықаралық транзиттік жүйе үшін стратегиялық маңызға ие.**




Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі көлік дәліздерін дамыту, халықаралық транзиттік мүмкіндіктерді кеңейту мәселесін әрдайым басты назарда ұстап келеді. Осы бағытта Сарыағаш айналма жолының құрылысы – нақты қадамдардың бірі. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай отырысында бұл жобаның маңызын ерекше атап өтіп, оның сапалы әрі уақытылы жүзеге асырылуын бақылауда ұстайтынын жеткізген болатын.

Сарыағаш – географиялық тұрғыдан алғанда Орталық Азиядағы маңызды көлік тораптарының бірі. Бұл өңір арқылы халықаралық маңызы бар транзиттік бағыттар өтеді. Әсіресе, көршілес мемлекеттермен сауда-экономикалық байланыс үшін Сарыағаштың рөлі айрықша. Алайда соңғы жылдары көлік ағынының күрт артуы қолданыстағы жол инфрақұрылымына үлкен салмақ түсірді. Бүгінде екі жолақты қолданыстағы жол тәулігіне шамамен 3 мың автокөлікке есептелгенімен, нақты жүктеме 18–20 мың көлікке дейін жетіп отыр. Бұл жағдай көлік кептелістерінің жиілеуіне, жол-көлік оқиғаларының артуына және жүк тасымалының баяулауына әкелген. Жүргізушілер мен тұрғындар үшін бұл мәселе ұзақ жылдар бойы өзекті болып келді. Осы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында басталған жаңа жоба көлік қозғалысын түбегейлі оңтайландыруға бағытталған. Жалпы ұзындығы 102,6 шақырымды құрайтын айналма жол төрт жолақты болады. Оның ішінде 43 шақырымы Сарыағаш ауданына, ал 58,6 шақырымы Келес ауданына тиесілі. Жоба толық іске асқанда тәулігіне 13,5 мың көлікке дейінгі қозғалысты қауіпсіз әрі кедергісіз қамтамасыз ету мүмкіндігі пайда болады. Айналма жол тек көлік қозғалысын жеңілдетіп қана қоймай, заманауи инфрақұрылыммен толық қамтылады. Жоба аясында 8 ірі жолайрық салынып, көлік ағынын тиімді бөлуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жол 2 теміржол өткелі, 22 көпір, 21 арнайы учаске қарастырылған. Бұл нысандардың барлығы жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға және логистикалық үдерістерді жеделдетуге бағытталған. Жол бойында жүргізушілер мен жолаушылар үшін қолайлы жағдай жасау да басты назарда. Осы мақсатта 4 демалыс алаңы салынып, ұзақ жолға шыққан азаматтардың тынығуына мүмкіндік беріледі. 26 қоғамдық көлік аялдамасы, 4 жаяу жүргіншілер өткелі қарастырылған. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы техникалары мен үй жануарлары өтетін 21 арнайы өткел салу көзделген. Бұл ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды шешімдердің бірі. Инженерлік инфрақұрылым да жоғары деңгейде жобаланған. 223 су өткізу құбыры орнатылып, жолдың табиғи-климаттық жағдайларға төзімділігі қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар жол бойында заманауи жол-патрульдік бекет кешені орналастырылады. Жобаның жалпы құны 204 миллиард теңгені құрайды. Қаржыландыру халықаралық қаржы институттарының займдары есебінен жүзеге асырылады. Бұл – жобаның ауқымы мен маңызын айқындайтын басты көрсеткіштердің бірі. Құрылыс жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіліп, 2029 жылы толық аяқталады деп жоспарланған.

Салтанатты шара барысында облыс әкімі Нұралхан Көшеров бұл жобаның өңір үшін тарихи маңызы бар екенін атап өтті. Оның айтуынша, заманауи жол инфрақұрылымы – экономикалық өсімнің басты драйверлерінің бірі. Жаңа жол өңірлер арасындағы байланысты нығайтып қана қоймай, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға да тікелей ықпал етеді. Шараға қатысқан ҚазАвтоЖол ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Дархан Иманашев та жобаның техникалық ерекшеліктеріне тоқталып өтті. Оның айтуынша, жол құрылысы халықаралық стандарттарға сай жүзеге асырылады және барлық қауіпсіздік талаптары толық сақталады. Сондай-ақ салтанатты жиынға қатысқан Сарыағаш пен Келес аудандарының ақсақалдары ақ батасын беріп, ел игілігі үшін басталған істің берекелі болуын тіледі. Тұрғындар өз кезегінде мұндай маңызды жобаның қолға алынуына бастамашы болған ел басшылығына алғыстарын білдірді. Айналма жолдың іске қосылуы өңір экономикасына айтарлықтай серпін береді. Әсіресе Мақтаарал, Жетісай, Шардара бағыттарындағы көлік қатынасы жеңілдеп, жол сапасы жақсарады. Бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдауды жеделдетіп, кәсіпкерліктің дамуына оң әсер етеді. Сонымен қатар жоба Қазақстанның халықаралық транзиттік дәліздер жүйесіндегі орнын нығайтады. Сарыағаш арқылы өтетін жүк ағынының тиімділігі артып, елдің логистикалық әлеуеті жаңа деңгейге көтеріледі. Жалпы алғанда, Түркістан облысында жол саласын дамыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Өткен жылы өңірде 863 шақырым жол жөнделсе, биыл 1138 шақырымға жуық жолды жаңғырту жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, «Дарбаза–Мақтаарал» теміржол желісін іске қосу жұмыстары да қарқын алған.

Сарыағаш айналма жолы – тек бір инфрақұрылымдық жоба ғана емес, бұл – өңірдің болашағына салынған инвестиция. Оның жүзеге асуы көлік қатынасының сапасын арттырып қана қоймай, халықтың әл-ауқатын жақсартуға, экономикалық өсімді қамтамасыз етуге және Қазақстанның халықаралық транзиттік хаб ретіндегі мәртебесін нығайтуға үлкен үлес қосады.

**Әлия ҚҰРАЛБЕК.**

# СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДА АҒАШ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ САЛЫНАДЫ



**Қазақстан Үкіметі ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мен «Ultradecor Trading Kazakhstan» ЖШС арасында Солтүстік Қазақстан облысында ағаш өңдеу өндірісін салу жобасы бойынша инвестициялар туралы келісімге қол қоюды мақұлдады. Премьер-министр Олжас Бектенов тиісті қаулыға қол қойды.**

**Жалпы құны 70 млрд теңге болатын жоба 2026-2028 жылдары іске асырылады. Оны іске қосу кемінде 160 тұрақты жұмыс орнын құруға, ел ішінде ағаш өңдеуді кеңейтуге, дайын өнім өндірісін арттыруға және өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін күшейтуге мүмкіндік береді. Зауыттың өндірістік қуаты жылына шамамен 600 текше метр ағаш-жаңқалы плиталар (ДСП) және 20 млн шаршы метр ламинацияланған ағаш-жаңқалы плиталар (ЛДСП).**

**Келісім қазақстандық өндірушілердің тауарларын, шикізатын, жұмыстары мен қызметтерін міндетті түрде пайдалануды көздейді. Инвестор дайын өнімнің кемінде 50%-ын ішкі нарыққа бағыттауға міндеттеледі. Кәсіпорын жобалық қуатының 80%-ына шыққаннан кейін отандық дайын өнім экспортының көлемі жылына 60 мың текше метрге дейін жетеді.**

**Өңірді әлеуметтік қолдау бойынша міндеттемелер де бекітілген. Сондай-ақ инвестор жұмыскерлерді үздіксіз оқыту жүйесін енгізуге және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуге міндеттеледі.**

**Жобаны іске асыру ағаш өңдеу саласының дамуына, жергілікті мазмұнды арттыруға, жұмыспен қамтуды кеңейтуге және Қазақстанның өңдеу өнеркәсібінің экспорттық әлеуетін нығайтуға ықпал етеді.**

2-бетте
“БЕКІРЕ-2026” БАЛЫҚ ҚОРҒАУ АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ

3-бетте
«АТА-АНА АКАДЕМИЯСЫ» ЖОБАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ ҚАНДАЙ?

4-бетте
ҒАЛЫМДАР 3D-ПРИНТЕРГЕ АРНАЛҒАН МАНИПУЛЯТОР ЖАСАДЫ

## “БЕКІРЕ-2026” БАЛЫҚ ҚОРҒАУ АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ



Ағымдағы жылдың 1 сәуірі мен 31 мамыры аралығында Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарында жыл сайын кең ауқымды “Бекіре”балық қорғау акциясы өтеді.

Бағалы балық түрлерінің уылдырық шашу кезеңінде табиғат қорғау және құқық қорғау органдарының қызметкерлері балықтардың, оның ішінде бекіре тұқымдас балықтардың уылдырық шашу орындарына кедергісіз қамтамасыз ету мақсатында балықтардың заңсыз ауланыу мен айналымына қарсы іс-қимыл бойынша күш біріктіреді.

Акция аясында су айдындарында браконьерлік фактілері барынша ықтимал орындарда стационарлық және жылжымалы бекеттер ұйымдастырылды, сондай-ақ батыс облыстарының тас жолдарында мобильді топтар құрылды.

Әсіресе, Каспий теңізінің жағалауы мен Жайық және Қиғаш өзендерінің жағалауына баса назар аударылатын болады, өйткені бұл жерлерде браконьерлік фактілері жиі тіркеледі.

Сонымен қатар, акция барысында әуежайларда, вокзалдарда және ірі автожолдарда трассаларда балық пен балық өнімдерін республикадан тыс жерлерге әкетуге бақылау күшейтілетін болады. Бұдан басқа, республика аумағында балықтың заңсыз айналым фактілерін анықтау, жолын кесу жұмыстары қолға алынады.

Акцияға Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының табиғат қорғау және құқық қорғау органдарының 1143 қызметкерлері жұмылдырылды.

Жайық-Каспий бассейнінде 226 автокөліктер мен квадрацикл, 91 бірлік қайықтар мен шағын көлемді кемелер, 6 ұшу аппараты және басқа да техникалық құралдар іске қосылатын болады. Барлығы 39 бекет құрылды, оның 9-ы стационарлық және 30-ы жылжымалы бекеттер. Сонымен қатар, батыс өңірдегі автожолдар мен тасжолдарда жұмыс істейтін 26 мобильді топ құрылды.

Айта кету керек, “Бекіре-2025” акциясы нәтижесінде құқық қорғау және табиғат қорғау органдары табиғат қорғау заңнамасының 1125 бұзушылығын анықтады, 867 заң бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 33 қылмыстық іс тіркеуге алынды.

## ШЫМКЕНТТЕ ҚАЛДЫҚТЫ БӨЛЕК ЖИНАУ БОЙЫНША ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТЫР

Шымкент қаласында экологиялық жағдайды жақсарту және қалдықты өңдеу жүйесін дамыту жалғасуда. Осы орайда тұрғындар арасында тұрмыстық қалдықты бөлек жинау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған заманауи шешімдер енгізілуде, деп хабарлайды қала әкімдігі.

Аланда аралас қалдыққа арналған бес контейнер және сұрыптап жиналатын фракцияларға арнап тағы үш контейнер орнатылды. Қалдықты дұрыс сұрыптау талаптарының сақталуын қамтамасыз ету үшін арнайы бақылау пункті қарастырылған. Мұнда үдерісті қадағалайтын жауапты қызметкер жұмыс істейтін болады.

Жоба жеке инвестициялар есебінен жүзеге асырылуда. Бірінші кезеңде осындай 100-ге жуық контейнерлік алаң орнату жоспарланған. Алдағы уақытта бұл тәжірибе қала бойынша кезең-кезеңімен енгізілетін болады. Бұл өз кезегінде қалдықты бөлек жинау мен қайта өңдеудің жүйелі тәсілін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Аталған бастама Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Таза Қазақстан» акциясы аясында жүзеге асырылып, тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыруға және қаланың санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталған.



## 11 ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫН КЕҢЕЙТУ: ҚАЙ ҚАЛАЛАРДАҒЫ ЖЭО ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ?

Көмір генерациясын дамытуға арналған жаңа ұлттық жоба аясында басым бағыттардың бірі қолданыстағы энергия көздерін техникалық қайта жарақтандыру және жаңғырту болмақ, деп хабарлайды ҚР Энергетика министрлігі.

Жалпы, 11 электр станциясында жаңғырту және кеңейту жобалары іске асырылады:

Ақсу ГРЭС-інің №7 энергоблогын жаңғырту (325 МВт);

Екібастұз ГРЭС-2-де №3 және №4 энергоблоктарды салу (1 100 МВт);

Қарағанды ЖЭО-сын кеңейту (140 МВт);

Өскемен ЖЭО-сын кеңейту (100 МВт);

Топар ГРЭС-ін жаңғырту (250 МВт);

Шахтинск ЖЭО-сын кеңейту (130 МВт);

Балқаш ЖЭО және Жезқазған ЖЭО-да турбоагрегат енгізу (50 МВт);

Сoгра ЖЭО-сын кеңейту (50 МВт);

«Qarmet» АҚ-ның ЖЭО-2-сін кеңейту (230 МВт);

Степногорск ЖЭО-сын жаңғырту (30 МВт).

Аталған жобаларды іске асыру нәтижесінде шамамен 2,5 ГВт көлемінде қосымша генерация қуаты енгізіліп, электр станцияларының тиімділігі артады және олардың қауіпсіз пайдалану мерзімі ұзартылады.



## ЖАЗҒЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНА 500-ГЕ ЖУЫҚ СПОРТШЫ ҚАТЫСАДЫ

Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов биыл Жапонияның Нагоя қаласында (19 қыркүйек – 4 қазан) ұйымдастырылатын XX жазғы Азия ойындарына ұлттық құраманы сапалы дайындауға арналған жұмыс кеңесін өткізді. Жиында ұлттық команданың құрамын қалыптастыру, спортшылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және басым спорт түрлеріндегі дайындықты тиімді ұйымдастыру мәселелері талқыланды, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Биылғы Азия ойындары бағдарламасына 43 спорт түрі енген. Спортшылар 438 медаль жиынтығын сарапқа салады. Алдын ала болжам бойынша, Қазақстан құрамасынан Азиадаға 30-дан астам спорт түрінен 500-ге жуық спортшы қатысады.

Министрлік ұлттық спорт федерацияларымен бірлесе отырып дайындық жоспарын жасады. Онда оқу-жаттығу жиындарын өткізу, халықаралық жарыстарға қатысу, сондай-ақ спортшыларға медициналық, ғылыми және әдістемелік қолдау көрсету қарастырылған.

Дайындық барысында арнайы штаб құрылып, ең көп медаль алу мүмкіндігі бар басым спорт түрлері анықталды.

Ұлттық құраманы жасақтауда спортшыларды ашық және әділ іріктеуге баса назар аударылды. Іріктеу халықаралық жарыстардағы, соның ішінде әлемдік және Азия чемпионаттарындағы, сондай-ақ іріктеу турнирлеріндегі нәтижелерге негізделеді.

## ҮКІМЕТ 2026–2030 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БОКСТЫ ДАМЫТУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН БЕКІТТІ

Үкімет Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын жүзеге асыру аясында 2026–2030 жылдарға арналған боксты дамыту тұжырымдамасын бекітті. Тиісті қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды, деп хабарлайды ҚР Туризм және спорт министрлігі.

Елімізде бокстың дамуы сапалы жаңа деңгейге көтерілуде. Сала үшін стратегиялық маңызы бар құжаттың негізгі мақсаты – бокспен шұғылданатын азаматтар санын көбейту, спортшылар даярлау сапасын және қазақстандық боксшылардың халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Тұжырымдама негізгі 6 бөлімді және саланы дамытудың барлық бағытын қамтиды. Олардың ішінде келесі 5 басым бағыт бар:

бокс инфрақұрылымын дамыту;

бұқаралық спортты кеңейту және спорт резервін қалыптастыру;

ғылыми-әдістемелік және медициналық сүйемелдеу ісін жетілдіру;

жаттықтырушылар мен төрешілердің біліктілігін арттыру;

халықаралық ынтымақтастық пен кәсіби боксты дамыту.

Қойылған міндеттерді жүзеге асыру тетігі 31 іс-шараны қамтитын бекітілген кешенді жоспардан тұрады. Бұл шаралар саланың өзекті міндеттерін жүйелі түрде шешуге және нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған.

Бүгінгі таңда Қазақстанда бокспен 153 мыңнан астам адам айналысады, олармен еліміздің барлық 20 өңірінде 2 мыңнан астам жаттықтырушы жұмыс істейді.

Ұлттық құрамада 595 спортшы бар, олар – негізгі, жастар, балалар және жасөспірімдер командалары.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша 39 мыңнан астам бала балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде бокспен айналысуда, оларды 1 385 бапкер баулуда.

2030 жылға қарай бокспен айналысатындардың санын көбейту, дайындық жүйесінің тиімділігін арттыру және қазақстандық спортшылардың әлемдік деңгейдегі позициясын нығайту жоспарлануда.

Тұжырымдаманы жүзеге асыру саланың жүйелі дамуына жаңа серпін бермек және отандық спортты дамытуда, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауда, сондай-ақ халықаралық аренада елдің имиджін нығайтуда маңызды қадам болмақ.

Бетті дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК.

# АГРОСЕКТОР: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР МЕН НАҚТЫ МІНДЕТТЕР

Түркістан облысында ауыл шаруашылығы саласын дамытуға серпін беретін маңызды кездесу өтті. Орталық атқарушы органдар басшыларының халықпен тікелей байланысын күшейтуге бағытталған іс-шаралар аясында Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенжеханұлы өңір тұрғындарымен, соның ішінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен жүздесті.

Кездесу барысында Түркістан облысының ел экономикасындағы стратегиялық маңызы ерекше атап өтілді. Агроөнеркәсіп кешені дамыған өңір ретінде бұл аймақ тек ішкі нарықты қамтамасыз етіп қана қоймай, экспорттық әлеуетті арттыруда да жетекші орындардың бірін иеленіп отыр. Осы тұрғыда сала өкілдерімен ашық әрі сындарлы диалог орнату – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екені айқын көрінді.

Жыйнда көктемгі дала жұмыстары мен егіс науқанына дайындық мәселелері кеңінен талқыланды. Уақытылы әрі сапалы жүргізілетін агротехникалық шаралар өнімділіктің негізгі кепілі екені айтылып, шаруаларға мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдалану қажеттігі түсіндірілді. Сонымен қатар мал шаруашылығы өнімдерінің экспортын ұлғайту, өндіріс сапасын арттыру және халықаралық нарықтарға шығу мүмкіндіктері сөз болды.

Вице-министр қатысушыларды мал шаруашылығын дамытудың кешенді жоспарының негізгі бағыттарымен таныстырып, жаңа стратегиялық бағдарламалардың салаға тың серпін беретінін атап өтті. Оның айтуынша, бұл бастамалар өндіріс көлемін ұлғайтуға, материалдық-техникалық базаны жаңғыртуға және шаруашылықтардың экономикалық тиімділігін арттыруға жол ашады.

Кездесу аясында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану мәселесі де назардан тыс қалмады. Жер заңнамасының талаптарын сақтау, жер ресурстарын ұтымды игеру – ұзақ мерзімді тұрақты дамудың басты шарттарының бірі ретінде қарастырылды.

Ашық диалог форматында өткен басқосуда фермерлер өздерін толғандырған бірқатар өзекті мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, субсидиялау жүйесін жетілдіру, жеңілдетілген несиеге қол жеткізу, мал шаруашылығын дамыту және өнімді өткізу нарықтарын кеңейту мәселелері кеңінен қозғалды. Әрбір сауалға нақты жауап беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Вице-министр мемлекет тарапынан агроөнеркәсіптік секторды қолдау жалғасатынын ерекше атап өтті. Бұл бағыттағы жүйелі саясат өңірдегі ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына негіз болмақ.

Жұмыс сапары барысында Ермек Кенжеханұлы азаматтарды жеке қабылдап, мақта шаруашылығымен айналысатын диқандармен де кездесті. Онда суармалы жерлерді тиімді пайдалану, өнім сапасын арттыру және мақта өнімдерін өткізу мәселелері жан-жақты талқыланды.

Сапар соңында вице-министр Түркістан тоқыма ЖШС-нің жұмысымен танысты. Бұл кәсіпорын Turan арнайы экономикалық аймағында жүзеге асырылып жатқан ірі агроөнеркәсіптік жоба саналады. 2025 жылы іске қосылған кластер мақтаны толық өңдеу циклін қамтып, жіп иіру мен мата өндіруге маманданған.

Жобаның жалпы құны 86,2 млрд теңгені құрайды. Ал 2026 жылдың соңына дейін тағы үш кезеңін аяқтау жоспарланып отыр. Нәтижесінде 2 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Кәсіпорын толық қуатына шыққанда жыл сайын 11,4 мың тонна жіп, 47,3 млн шаршы метр мата, 2 млн төсек-орын жиынтығы мен 4 млн көрпе өндіру көзделіп отыр.

Бұл бастамалар Түркістан өңірінің тек аграрлық емес, сонымен қатар өнеркәсіптік әлеуетін де арттырып, ел экономикасының тұрақты дамуына елеулі үлес қосады.

# ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ



Қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген қанатты сөз бар. Расында да, айналамызда жүріп, елге шапағатын тигізіп жүрген жандар аз емес. Солардың бірі – Белсенді ұзақ өмір орталығы аясында еңбек етіп жүрген азаматтар.

Мен осы орталықтың тұрақты қатысушысы ретінде, Шымкент қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына қарасты «Белсенді ұзақ өмір орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Мауия Алданазарова мен №2 бөлімше басшысы Рахима Турашбекова туралы жүрекжарды ойымды жеткізгім келеді.

Олардың атқарып жүрген игі істері – көпке үлгі. Соның бір жарқын көрінісі – 2026 жылдың 13 қаңтарында Сайрам ауданындағы балалар үйінде ұйымдастырылған қайырымдылық шарасы. Балалардың көңілін көтеріп, мейірім сыйлау мақсатында концерттік бағдарлама қойылып, төменгі сынып оқушыларына киім-кешек, аяқ киім, сыйлықтар мен мерекелік дастарқан ұсынылды. Бұл игі істің басы-қасында Рахима ханымның өзі жүріп, демеушілер тартып, үлкен жауапкершілік танытты.

Орталықтың белсенді апалары – Бақыткүл, Перизат сынды өнерлі жандар ән шырқап, би билеп, аналық мейірімдерін төкті. Балаларды бауырына басып, шаттық сыйлаған сол бір сәттер көптің жүрегінде сақталып қалды. Өзім де сол шараға қатысып, балалардың шексіз қуанышына куә болдым. Сонда «Мың күнге татитын бір күн» деген осы екен-ау деп толқыдым.

Балалардың жанарындағы үміт пен мейірім кез келген жанды тебірентпей қоймайды. «Жетім көрсең, жебей жүр» деген халық даналығы осындайда ойға оралады. Сол бүлдіршіндердің арасынан елге қызмет ететін азаматтар өсіп шығарына сенім мол. Өйткені олар мемлекет қамқорлығында, әрі осындай жүрегі кең жандардың жанашырлығын сезініп өсіп келеді.



Рахима Құрбанқызы басқарып отырған ұжым – ұйымшылдығы жарасқан, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде алдыңғы қатарда. 1 наурыз – Алғыс айту күні, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні, 14 наурыз – Көрісу күні сынды мерекелер жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қариялар ерекше құрметке бөленді.

Ал Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы тіпті ерекше сән-салтанатымен өтті. Қазақтың салт-дәстүрлері сахналанып, «Қыз ұзату», «Құда күту» рәсімдері кеңінен көрсетілді. Сәукеле кигізу, сырға салу, сыңсу айту сияқты ғұрыптар нақышына келтіріліп, көрерменге әсерлі жеткізілді. Бұл – ұлттық мұраны жаңғырту жолындағы тағылымды іс болды.

Осындай игі бастамалардың ұйытқысы болып жүрген Рахима ханымдай азаматтарға алғыс айту – біздің азаматтық парызымыз. Бұл тек менің ғана емес, орталықтағы барлық қариялардың ортақ пікірі.

Сөз соңында айтарым – жаныңда жүр жақсы адам. Осындай жүрегі кең, ниеті таза жандар көп болсын. Барша қызметкерлерге зор алғыс білдіре отырып, отбасыларына амандық, дендеріне саулық, еңбектеріне табыс тілеймін.



***Құрметпен,** Шымкент қаласының тұрғыны, зейнеткер*

**Серік Әлі - СОЗАҚИ.**

# «АТА-АНА АКАДЕМИЯСЫ» ЖОБАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ ҚАНДАЙ?

Қазақстанда Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен жүзеге асып жатқан «Ата-ана академиясы» жобасы қарқынды түрде жүргізіліп келеді. Жоба отбасы институтын нығайтуға, ата-аналардың тәрбие жөніндегі білімін арттыруға және жауапты ата-ана мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

2026 жылы жоба аясында ел бойынша 40 мыңнан астам адамды қамту жоспарланған. Жоба қатысушылар қатарында ата-аналармен бірге педагогтер мен әлеуметтік қызмет мамандары бар.

Жоба алғашқы оң нәтижелерін де көрсетті. 2026 жылдың бірінші тоқсанында Қарағанды және Ақмола облыстарында 30-дан астам білім беру іс-шарасы ұйымдастырылып, оған 1000-нан астам адам қатысты.

«Ата-ана академиясы» дәріс, тренинг, семинар, шеберлік сабақтары сияқты оқыту түрлерін заманауи тәсілдермен ұштастырады. Сонымен қатар ataana.kz жаңартылған онлайн-платформасы арқылы ата-аналар заңгер, дәрігер, психолог және қауіпсіздік саласының мамандарынан кеңес алып, қажетті оқу материалдарына қол жеткізе алады.

Жоба аясында отбасылық өмірге психологиялық тұрғыда дайындық, қаржылық сауаттылық, балалардың қауіпсіздігі, сондай-ақ отбасыдағы жауапкершілік пен өзара түсіністікті қалыптастыру мәселелеріне басымдық беріледі.

Сонымен қатар ата-аналар мен педагогтерге арналған әдістемелік материалдар әзірленіп, жетекші сарапшылардың қатысуымен подкасттар дайындалуда. Бұл бастамалар саналы ата-ана болуды кеңінен насихаттауды мақсат етеді.

«Ата-ана академиясы» жобасы Қазақстанда берік отбасылық құндылықтарды нығайтуға өз үлесін қоспақ. Жыл соңына дейін 40 мыңнан астам адамды қамту көзделіп отыр.

Елімізде отбасы саясатын жүзеге асыру аясында отбасы институтын қолдауға бағытталған жүйелі жұмыстар да қатар жүргізілуде. Осы бағытта Мәдениет және ақпарат министрлігі БҰҰ-ның Халық қоныстануы саласындағы қорымен бірлесе «Отбасыға қолайлы жұмыс орны» жобасын жүзеге асыруда. Жоба еңбек пен отбасы міндеттерін ұштастыру үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

2026 жылы мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілерге арналған оқыту бағдарламасы іске қосылып, отбасыға тиімді тәжірибелерді енгізу және ата-аналарды қолдайтын корпоративтік мәдениетті дамыту көзделген.

Сонымен қатар еліміз бойынша 152 Отбасын қолдау орталығы жұмыс істейді. Олар қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға жан-жақты көмек көрсетуде маңызды рөл атқарады. 2026 жылдың басынан бері орталықтарға 10 мыңға жуық өтініш түсіп, 5 мыңнан астам отбасы кеңес алды, тағы осынша отбасыға тұрақты түрде қолдау беріліп отыр.

Бұл орталықтар мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты нығайтып, отбасы құндылығын бекітуге, қоғамдағы қауіп-қатердің алдын алуға және қиын жағдайдағы отбасыларға қолдау көрсетуге қызмет етеді.

# РЕСЕЙГЕ ЕРТЕ ПІСЕТІН ҚЫРЫҚҚАБАТ ӨНІМІ ЭКСПОРТТАЛДЫ

«Қылышбек» шаруа қожалығы «Пекинка» сұрыпты қырыққабат өнімінің алғашқы топтамасын Ресей нарығына шығарды.

Биыл шаруашылық 4 гектар алқапқа ерте пісетін қырыққабат еккен болатын. Жұмыс барысында тамшылатып суару сияқты заманауи агротехнологиялар қолданылуда. Бұл өнімнің шығымдылығы мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде 120 тонна өнім алу жоспарлануда.

Жалпы Мақтаарал ауданында 1404 гектар жерге көкөніс дақылдары егілген. Оның 1016 гектары сұраныска ие «Ринда», «Пекин» және «Пандион» сұрыптарындағы қырыққабатқа тиесілі.

Өнім тек ішкі нарықта ғана емес, Ресей мен Европа елдерінде де жоғары бағаланады.

Мәселен, былтыр Мақтаарал ауданында 520 гектар алқапта 11 мың тонна қырыққабат өсіріліп, оның едәуір бөлігі Ресей мен Беларуське экспортталған еді.

Айта кетейік, Түркістан облысының аграрлық саласының негізгі ерекшеліктерінің бірі — жер ресурстарын тиімді пайдалану. Ерте пісетін қырыққабат жиналғаннан кейін сол алқаптарға бақша дақылдары, мақта, жүгері және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі.

Бетті дайындаған: Гаухар АЛДАБЕРГЕН.

Мем.лиц.: №АБ 0137355 03.02.2010 ж. ҚР Білім және ғылым министрлігінен берілген.

# БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ: ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ АЛҒЫСЫ

Студенттік жылдар — бұл тек дәрістер мен емтихандар ғана емес, бұл бүкіл саналы ғұмырымыздың іргетасы. Бүгін біз, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті медицина және денсаулық сақтау факультетінің түлектері, артқа зор мақтанышпен және ризашылық сезіммен қараймыз.




Еліміздің жетекші жоғары оқу орнында білім алу біз үшін үлкен мәртебе әрі жауапкершілік болды. Ең алдымен, оқытушылар құрамының жоғары кәсіби деңгейін ерекше атап өткіміз келеді. Біздің ұстаздарымыз — тек теоретик қана емес, бізге терең академиялық білім беріп, нағыз мейірімділік этикасын бойымызға сіңірген танымал сарапшылар. Халықаралық стандарттарға сай білім беру бағдарламасы алғашқы тәжірибе күндерінен-ақ өз күшімізге сенуге мүмкіндік берді.

Біздің кураторымыз Есергенева Риза Толеукановнаға, денсаулық сақтаудағы саясат және ұйымдастыру кафедра меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысындағы орынбасарына, айтар алғысымыз шексіз. Сіздің қолдауыңыз біз үшін өте маңызды болды. Кез келген ұйымдастыру мәселелерін шешуге көмектесіп, оқу процесінде туындаған сұрақтарда әрдайым жанымыздан табылғаныңыз үшін рақмет. Сіздің кәсібилігіңіз бен ақ ниетіңіз біз үшін нағыз үлгі болды.

Қазіргі таңда жоғары медициналық білім алуды жоспарлап жүрген әріптестерімізге — мейіргерлерге айтарымыз: таңдау жасауда еш күмәнданбаңыздар! Егер сіздер сапалы білім мен заманауи базаны іздесеңіздер, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға түсуге кеңес береміз. Бұл — сіздердің болашақтарыңызға жасалған ең сенімді инвестиция.

***Құрметпен және шынайы ризашылықпен,*** *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ медицина және денсаулық сақтау факультетінің түлектері 23-10 СД тобы*

## ҒАЛЫМДАР 3D-ПРИНТЕРГЕ АРНАЛҒАН МАНИПУЛЯТОР ЖАСАДЫ



12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күні қарсаңында бастау алған «Ғылым – қоғам игілігіне» атты айдары аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі қазақстандық ғалымдардың ғылыми жобалары туралы бейнематериалдар легін ұсынады.

Сәтбаев университетінің ғалымдары құрылыс саласына арналған 3D-принтердің дәлдігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа технология – манипуляторды әзірледі. Жоба автобетонсорғыш негізінде жұмыс істейтін 3D-басып шығару жүйелерінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Әзірленген шешім баспа бастиегінің орналасуын жоғары дәлдікпен реттеуге мүмкіндік береді және бетонды қабаттап шығару барысында туындайтын ауытқулардың алдын алады. Бұл технология құрылыс саласында қарқынды дамып келе жатқан 3D-басып шығару әдісін өндірістік деңгейде қолдануды жеңілдетеді.

Қазіргі таңда құрылысқа арналған 3D-принтерлерде баспа бастиегін позициялау үшін негізінен порталды, сериялық немесе кабельді типтегі роботтар қолданылады. Алайда мұндай жүйелер құрылыс алаңындағы шаң, діріл және температураның ауытқуы сияқты күрделі өндірістік жағдайларға толық бейімделмеген, сондай-ақ оларды калибрлеу күрделі.

Осы мәселені шешу мақсатында жоба серіктестері – Германиядағы Дрезден техникалық университетінің зерттеушілері балама ретінде автобетонсорғышты қолдануды ұсынған. Дегенмен, оның ашық кинематикалық құрылымы баспалау кезінде паразиттік ауытқулардың пайда болуына әкеледі, бұл өз кезегінде құрылыс конструкцияларының дәлдігіне кері әсер етеді.

Аталған кемшіліктерді жою үшін Сәтбаев университетінің ғалымдары арнайы компенсациялаушы манипулятор мен бетонды баспалауға арналған шүмекті әзірледі. Зерттеу барысында сериялық, параллельді және гибридті манипуляторларға кешенді талдау жүргізіліп, нәтижесінде дельта типті параллель манипулятор ең тиімді шешім ретінде таңдалды. Жоба аясында инженерлік есептеулер орындалып, құрылғының толыққанды 3D моделі жасалды. Кейін 1:1 масштабтағы прототип әзірленіп, тәжірибелік сынақтан өтті. Сынақ барысында манипулятор 46 кг жүктемемен тексеріліп, оның функционалдық мүмкіндіктері мен жүккөтергіштігі расталды. Нәтижесінде құрылғының жұмыс қабілеттілігі және баспа бастиегін дәл позициялау мүмкіндігі дәлелденді. Жобаның ғылыми жетекшісі, PhD, қауымдастырылған профессор А.Мұстафаның айтуынша, бұл шешім құрылыс саласындағы қолданыстағы техниканы жаңа технологиямен тиімді үйлестіруге мүмкіндік береді: «Біз әзірлеген манипулятор баспа бастегінің дәлдігін арттырып, паразиттік ауытқуларды жояды. Бұл құрылысқа арналған 3D-басып шығару технологиясын өндірістік деңгейде кеңінен қолдануға жол ашады».

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – қолданыстағы автобетонсорғышқа минималды өзгерістер енгізу арқылы оны құрылысқа арналған 3D-принтерге бейімдеу. Бұл тәсіл қымбат роботтық жүйелерді сатып алу қажеттілігін азайтып, нәтижесінде 3D-принтерлердің жалпы құны төмендеп, технологияны кеңінен енгізуге жағдай жасалады.

Жоба ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру бағдарламасы аясында жүзеге асырылады.

## ҚАЗҰУ-ДА ФОТОСУРЕТТІ 3D-МОДЕЛЬГЕ АЙНАЛДЫРАТЫН TELEGRAM-БОТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультеті жанындағы DigitalEgiz зертханасы кез келген фотосуретті бірнеше минут ішінде 3D-модельге айналдыратын бірегей Telegram-ботты іске қосты.

Бұл жаңа құрал алғашқыда зертхана командасының өз инженерлік міндеттерін жеделдету, атап айтқанда күрделі «цифрлық егіздер» жобаларына қажетті нысандарды жылдам дайындау мақсатында жасалған. Алайда жүйенің сәтті бапталғанына көз жеткізген мамандар бұл мүмкіндікті студенттер мен оқытушылардың оқу-тәжірибелік жұмыстарына көмекші ретінде тегін қолданысқа беруді ұйғарды.

Шешім NVIDIA GB10 Grace Blackwell чипімен жабдықталған ASUS Ascent GX10 есептеу қуаттарында жүзеге асырылды. Пайдалану барысында бір ғана сурет арқылы нысанның көлемін анықтап, оның пішінін толық құрастырып шығады. Қазіргі уақытта @img_2_3d_bot арқылы қолжетімді сервис оқу материалдарын визуализациялауға, презентацияларға арналған 3D-үлгілерді жасауға және жаңа жобалардың алғашқы макеттерін дайындауға өте тиімді.

Жоба жетекшісі, ассистент-профессор Гүлшат Әмірханованың айтуынша, бағдарламаны ішкі сынақтан өткізгеннен кейін оны пәнаралық жобаларға, яғни IT мамандарынан бөлек, инженерлер, медиа мамандары мен жаратылыстану бағытындағы зерттеушілер үшін де пайдалы құрал ретінде ұсыну туралы шешім қабылданған.

Дегенмен бот әзірге тестілік режимде жұмыс істейтіндіктен нәтиженің сапасы жіберілген суреттің анықтығына, жарығына және фонының тазалығына тікелей байланысты екенін ескерген жөн. Сондай-ақ жүйе нысандарды көрнекі түрде бейнелеуге арналғандықтан фото бойынша ғылыми дәлдіктегі өлшемдерді талап ететін реконструкциялар үшін қолданылмайды.

DigitalEgiz командасы пайдаланушылардың кері байланысы негізінде сервисті жетілдіруді жалғастырады, сондықтан бұл бот алдағы уақытта университет студенттерінің жобалық жұмыстарында маңызды цифрлық құралға айналмақ.

## ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ TEX4FUTURE ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде Erasmus+ бағдарламасының қолдауымен «Textile Manufacturing for the Future in Uzbekistan and Kazakhstan» (TEX4FUTURE) тоқыма материалдарын сынау орталығы ашылды. Бұл орталық – тоқыма және тігін өнеркәсібі үшін заманауи ғылыми-практикалық орталық ретінде қызмет ететін бірегей жоба.**



**Жаңа орталық отандық тоқыма зауыттары мен тігін фабрикаларына инновациялық зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беріп қана қоймай, текстиль және жеңіл өнеркәсіп бағытында білім алып жатқан студенттер, магистранттар мен докторанттардың ғылыми жұмыстарын заманауи жабдықтармен орындауына жол ашады. Бұл – білім мен өндірістің тығыз байланысын нығайтатын маңызды қадам.**

**Жоба аясында мұндай орталықтардың тағы бірі Тараз қаласында, ал екеуі Өзбекстанда ашылуы жоспарланған. Ерекшелігі – төрт орталықтың әр-қайсысы тоқыма саласының түрлі бағыттары бойынша арнайы жабдықталып, бір-бірін толықтыратын болады. Бұл өз кезегінде тәжірибе алмасуға, бірлескен зерттеулер жүргізуге және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға кең мүмкіндік береді.**

**Аталған орталық TEX4FUTURE халықаралық жобасы шеңберінде ашылды. Ашылу рәсімі жоба консорциумының IX кездесуі аясында ұйымдастырылып, маңызды стратегиялық кезеңдердің бірі ретінде бағаланды. Іс-шараға Грекия, Румыния, Түркия және Өзбекстан елдерінің жетекші университеттерінің өкілдері, сондай-ақ Қазақстаннан Тараз университетінің делегациялары қатысты. Сонымен қатар еліміздің жеңіл өнеркәсібін дамытуға атсалысып жүрген салалық қауымдастықтар мен Erasmus+ серіктес компанияларының өкілдері де белсенді қатысушылар қатарында болды.**

**Жобаның басты мақсаты – Европаның озық тәжірибелері мен заманауи технологияларын енгізу арқылы Қазақстан мен Өзбекстанның тоқыма және тігін өнеркәсібіне жоғары білікті мамандар даярлау.**

**TEX4FUTURE орталығының ашылуы өңірдегі жеңіл өнеркәсіптің дамуына серпін беретін, халықаралық деңгейдегі ғылыми-инновациялық ынтымақтастықты жаңа сатыға көтеретін ауқымды әрі маңызды бастама болмақ.**

Бетті дайындаған: Арайлым ӘДІЛХАНҚЫЗЫ.

# ТАБИҒАТ АЯСЫНДА ДЕМАЛЫП, АЙЫППҰЛ АРҚАЛАҒЫҢЫЗ КЕЛМЕСЕ...

Көктемнің келуімен қазақстандықтар табиғат аясына жиі шыға бастайды. Алайда қала сыртындағы демалыс қатаң ережелермен реттелетінін естен шығармаған жөн.

Табиғатта қалай айыппұлсыз демалуға болады?

Күн жылынған сайын таза ауада уақыт өткізгісі келетіндер көбейеді. Дегенмен, болмашы құқықбұзушылықтың өзі елеулі салдарға әкелуі мүмкін. EL.kz табиғатты қорғап, айыппұлдан құтылудың жолдарын ұсынады.

**От жағуға тыйым салынған**

Орман ішінде, таулы аймақтарда және құрғақ шөптің маңында от жағуға қатаң тыйым салынады. Қауіпті жерде тұтатылған шағын оттың өзі айыппұлға әкелуі мүмкін:

• Алғашқы құқықбұзушылық үшін — 10 АЕК (43 250 теңге);

• Қайталанған жағдайда — 20 АЕК (86 500 теңге).

Өрт қаупі жоғары кезеңде жаза күшейеді: айыппұл 345 мың теңгеге дейін жетуі мүмкін. Мангалды тек арнайы жабдықталған орындарда және гимараттардан кемінде 10 метр қашықтықта пайдалануға рұқсат етіледі.

Мамандардың айтуынша, табиғи өрттердің негізгі себебі — адам факторы. Өшірілмеген шоқ, тасталған темекі тұқылы және қараусыз қалған от ошақтары ірі өрттерге ұласып, оның салдарын жоюға апталар кетеді.

**Жұлынған гүл — қылмыстық іс**

Көктемде Қазақстанда сирек кездесетін өсімдіктер гүлдей бастайды, олардың көпшілігі мемлекет қорғауында. Қызыл кітапқа 387 өсімдік түрі енгізілген, оның ішінде 65-і дәрілік. Қатаң тыйым салынған өсімдіктер қатарында:

• Грейг, Кауфман және Шренк қызғалдағы;
• мамыр інжугүлі;
• крокустар;
• цитвар жусаны;
• Виталий бақбақтары;
• бүйра лалагүл.

Тіпті бір гүлді жұлу да ауыр жазаға негіз болуы мүмкін. Сирек өсімдіктерді заңсыз жинау, жою немесе зақымдау қылмыстық жауапкершілікке әкеледі. Қылмыстық кодекстің 339-бабына сәйкес ең жоғары айыппұл 3000 АЕК-ке (12,9 млн теңге) дейін жетеді. Сонымен қатар түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе үш жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Экологтар мұндай шаралар биоалуантүрлілікті сақтау үшін қажет екенін атап өтеді.

Нені айыппұлсыз жинауға болады?

Жеке қажеттілік үшін жабайы өсетін жемістер мен өсімдіктерді жинауға тыйым салынбайды. Азаматтар саңырауқұлақ, жидек, жаңғақ және дәрілік шөптерді жинай алады, егер олар қорғалатын түрлер тізіміне кірмесе.

Алайда шектеулер бар:

• Жинау көлемін жергілікті атқарушы органдар белгілейді;

• Белгіленген нормадан асып кету, әсіресе сату мақсатында жиналған жағдайда, заңбұзушылық болып есептеледі.

Мамандар өсімдіктердің тамыр жүйесіне зиян келтірмеу үшін абай болуға кеңес береді.

Қоқыс пен немқұрайлылық та жазасыз қалмайды

Табиғатты ластау, соның ішінде темекі тұқылын немесе қоқыс тастау да айыппұлға әкеледі. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 434-2-бабына сәйкес:

• Алғашқы құқықбұзушылық үшін 15–20 АЕК (64 875 – 86 500 теңге) көлемінде айыппұл салынады.

Демалушылар көбіне пластик бөтелке, пакет және тамақ қалдықтарын қалдырып кетеді. Бұл табиғатты ластап қана қоймай, жануарларға да қауіп төндіреді. Мұндай құқықбұзушылықтар рейдтер барысында жиі тіркеледі.

**Бақылау күшейтіледі**

Жылы мезгіл басталғанда Қазақстан өңірлерінде табиғатты қорғау заңнамасын сақтау бақылауы күшейеді. Рейдтер жүргізіліп, танымал демалыс орындары патрульденеді. Анықталған құқықбұзушылықтар уәкілетті органдарға жедел жолданады. Әсіресе өрт қаупі жоғары аумақтар мен сирек өсімдіктер өсетін жерлерге ерекше назар аударылады.

Құқықбұзушыларды тек инспекторлар ғана емес, азаматтардың хабарламалары арқылы да анықтайды.

Табиғатта қалай қауіпсіз демалуға болады?

Айыппұлдан құтылып, табиғатты қорғау үшін қарапайым ережелерді сақтау жеткілікті:

• Рұқсат етілмеген жерде от жақпау;
• Мангалды тек арнайы орындарда пайдалану;
• Сирек өсімдіктерді жұлмау және зақымдамау;
• Демалыстан кейін қоқысты жинап кету;
• Темекі тұқылын тастамау;
• Саңырауқұлақ пен шөп жинау нормаларын сақтау.

---

# 1 СӘУІРДЕН БАСТАП ҚАЗАҚСТАНДА НЕ ӨЗГЕРДІ?

**2026 жылдың сәуір айынан бастап Қазақстанда бірқатар маңызды өзгерістер күшіне енеді. Олардың қатарында мобильді аударымдарды қадағалау, жанармай мен коммуналдық тарифтерге қойылған шектеудің аяқталуы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді алудың жаңа тәртібі бар.**

**Мобильді аударымдар: Кімдер салықшылардың назарына ілігеді?**

